

Темекі түтінінің құрамы

Ал, енді темекі түтінінің құрамына кіретін заттар жайында айтып өтейік. Шетелдер мен отандық ғалымдардың көпжылдық еңбектерінің нәтижесінде сигарет түтінінде 4000-нан астам химиялық элементтер, 40-тан астам улы заттар бар екендігі дәлелденген, солардың ішінде атап ай-татын болсақ:

Смола — рак ауруын тудыратын химиялык қоспа.

Никотин — үйренуге мүмкіндік беретін өте күшті наркотик.

Көміртегі — дәмсіз, иіссіз улы газ.

Кадмий — батареяда қолданылатын жоғары токсикалык зат.

Формальдегид — өлі денені консервілеуге қолданылатын жоғары токсикалық зат.

Адетон — тұрмыста кең қолданылатын еріткіш.

Бензол — жылу және химиялық өндірісте қолданылатын еріткіш.

Мышьяк — өлімге әкеп соктыратын улы зат.